- 14) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Тақыр негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Урунхай негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Шанағаты бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Жақыпбек Малдыбаев атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Оң жақ Қалжыр бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 19) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Марқакөл балалар саз мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 20) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімінің "Марқакөл ауылының балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "15" шілдедегі
№ 180 қаулысына 3-қосымша

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "15" шілдедегі
№ 180 қаулысына 3-қосымша

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.08.2026 № 208 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Басшы;

Басшының орынбасары;

Басшының орынбасары;

Басшының орынбасары;

Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі;

Мектепке дейінгі, жалпы орта және арнайы білім беру бөлімі;

Тәрбие және профилактикалық жұмыс бөлімі;

Техникалық және кәсіптік білім беру бөлімі;

Бюджеттік жоспарлау және талдау бөлімі;

Бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі;

Бас маман – заңгер;

Инфрақұрылымдық және материалдық-техникалық даму бөлімі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Алтай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Глубокое ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Зайсан ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Күршім ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Риддер қаласы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Самар ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Ұлан ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Үлкен Нарын ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

"Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "15" шілдедегі
№ 180 қаулысына 4-қосымша
Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2016 жылғы "13" маусымдағы
№ 175 қаулысына қосымша

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Білім басқармасы) Шығыс Қазақстан облысының аумағында мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, арнайы және мамандандырылған білім беру жүйесінде білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Білім басқармасында аудандарда, қалаларда орналасқан есеп беретін және оның бақылауындағы білім бөлімдері болады.

3. Білім басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Білім басқармасы мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарына шоттары бар.

5. Білім басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Білім басқармасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Білім басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Білім басқармасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 59/1, пошта индексі 070004.

10. Осы ереже Білім басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Білім басқармасының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Білім басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен Білім басқармасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Білім басқармасына заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсібилігін арттыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, дербес тұлға ретінде дамыту үшін жағдай жасау жолымен зияткерлікті байыту;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

6) білім алушылардың кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ету;

7) ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, білім беру процесінің нәтижелілігін талдау мен бағалауды, инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау мен таратуды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген балалардың конституциялық және өзге де құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті деңгейде балалардың барлық санаттарының құқықтарын іске асыруға байланысты шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша ведомствоаралық ынтымақтастықты үйлестіру;

10) балалардың әлеуметтік әл-ауқатын, рухани және адамгершілік дамуын талдау және болжау, өңірдегі балалардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;

11) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдау;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер болып табылады.

13) білім беру ұйымдарының қызметінде цифрлық сервистер мен платформаларды дамыту және енгізу, цифрлық құралдарды қолдануды үйлестіру арқылы білім беру саласын цифрландыруды қамтамасыз ету;

14) инвестицияларды тартуға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ инновациялық білім беру шешімдері мен заманауи цифрлық тәсілдерді ілгерілету;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласында пайдаланылатын ақпараттық жүйелер мен цифрлық ресурстарды қорғауды қоса алғанда басқарма қызметінің саласында киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 06.02.2026 № 28 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімінің шешімдерінің, өкімдерінің, облыс әкімдігінің қаулыларының жобаларын дайындауға қатысу;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және жеке тұлғалардан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;

Басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу;

облыстың атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыстың атқарушы органдарының, аудандардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдарының жұмысына талдау жүргізу;

өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтар.

2) міндеттері:

заңды және негізделген шешімдер қабылдау;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау, олардың орындалуын бақылау;

жеке және заңды тұлғаларды және олардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру;

мемлекеттік органның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) және актілерді қабылдауға жол бермеу;

жұмыс барысында алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы заңнаманың талаптарын сақтау;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді іске асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

15. Функциялары:

1) тиісті облыс аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) жергілікті атқарушы органмен және білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің бірінші басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасында, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

4) облыс аудандарының, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерін әкімшілендіру және қаржыландыру функцияларын орындайды;

5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

6) балаларды арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

7) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

8) облыс аумағында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, сондай-ақ қосымша білім беруді ұйымдастырады және оған жауапты болады;

9) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады.

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, облыстың жергілікті атқарушы органдарына білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің ұсынуы бойынша мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

11) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің ұсынуы бойынша қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін, сондай-ақ ата-ананың ақы төлеу мөлшерін облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуіне енгізеді;

12) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге енгізеді;

13) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының мөлшерін облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге енгізеді;

14) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын облыстың жергілікті атқарушы органдарының бекітуіне енгізеді;

15) мүдделі ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

16) білім алушылардың ұлттық біріңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

17) облыстың білім беру саласындағы кадр саясатын іске асырады, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау үшін педагогтарды аттестаттауды, тестілеуді өткізеді және ұйымдастырады;

18) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) жыл сайын 1 тамызға дейін мектепалды даярлықтың, бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

20) орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарының жалпы білім беретін пәндері бойынша облыстық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ балалар мен педагогтар арасында олимпиадалар мен конкурстар өткізуді ұйымдастырады;

21) облыстық деңгейлерде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

22) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

23) балалар мен жасөспірімдердің зерттеп-қарауды және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді үйлестіреді және қамтамасыз етеді;

24) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

25) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін жетім балаларды, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

26) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

27) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрлар қажетсінуі туралы өтінімді білім беру саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсынады;

28) облыс мәслихатына білім алушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы жергілікті атқарушы орган арқылы ұсыныс енгізеді;

29) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

30) жыл сайын белгіленген мерзімдерде білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектілерінде статистикалық байқаулар деректерін жинауды қамтамасыз етеді;

31) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының және өмірлік қиын жағдайда балаларды қолдау орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

32) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

33) облыс білім басқармасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

34) облыс білім басқармасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тамақтандыруды ұйымдастырады;

35) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын, сондай-ақ сынып-жинақтардың, олардағы топтардың санын келіседі;

36) облыстың мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

37) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстың білім басқармасына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

38) конкурстардың өткізілуін қамтамасыз етеді, конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына "Орта білім беретін үздік ұйым" грантын төлеуді ұйымдастырады;

39) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

40) облыстық әдістемелік кабинеттің (орталықтың) материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

41) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

42) білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларын бекітеді;

43) дуальды оқыту бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

44) конкурстардың өткізілуін қамтамасыз етеді, конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" грантын төлеуді ұйымдастырады;

45) облыстың білім беру ұйымдарында ерекше білім беруіне қажеттілігі бар тұлғалардың (балалардың) білім алу үшін арнайы жағдайлар жасайды;

46) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді және үйлестіреді;

47) облыстың коммуналдық қазыналық білім беру кәсіпорындары өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын бекітеді;

48) облыстың жергілікті атқарушы органына мемлекеттік қызметшілердің, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдерінің штат санын бекіту туралы ұсыныстар енгізеді;

49) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің жекелеген лауазымдарын (азаматтық қызметшілерін): басшының орынбасарын, бас бухгалтерді және әдістемелік кабинет меңгерушісін тағайындауды келіседі;

50) ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімі басшысының ұсынысы бойынша ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімінің құрылымын келіседі;

51) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдерінің бірінші басшыларын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартады;

52) ерекшеленген білім беру қызметкерлерін көтермелейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік және ведомстволық наградалармен, жергілікті атқарушы органның ерекшелік белгілерімен марапаттауға, құрметті атақтар беруге кандидатураларды ұсынады;

53) кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның жұмыс органы болып табылады. Жергілікті атқарушы органдарға кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамының жергілікті өкілді органына бекітуге ұсыну үшін ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады және оның жұмысын ұйымдастырады;

54) қиын өмірлік жағдайдағы кәмелетке толмағандар мен тұрмысы нашар отбасылардың өңірлік есебін жүргізеді;

55) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын интернет-ресурс арқылы берілген білім беру саласындағы петицияларды қарайды;

56) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін және оларға қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Білім басқармасына басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Білім басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Білім басқармасының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Білім басқармасының бірінші басшысының өкілеттері:

- 1) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады және басқарады;
- 2) Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;
- 3) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарма мүддесін білдіреді;
- 5) шарттар жасасады;
- 6) сенімхаттар береді;
- 7) Басқарма бөлімдерінің ережелерін бекітеді;
- 8) өз құзыреті шегінде Басқарманың мекемелері мен ұйымдарының, оның ішінде білім бөлімдерінің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың лауазымды адамдарын және өзге де қызметкерлерін, сондай-ақ Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың басшыларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма басшысы тағайындайтын Басқарма қызметкерлеріне және өзге де қызметкерлерге көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

11) Басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) ерлер мен әйелдердің тәжірбиесіне, қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметке теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

13) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

14) облыс әкімінің және әкімдігінің тапсырмалары мен актілерін орындайды;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Білім басқармасының бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Білім басқармасының бірінші басшысы өз орынбасарларының және өзге де қызметкерлерінің өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Білім басқармасының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Білім басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Білім басқармасына бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Білім басқармасы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Білім басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады

Білім басқармасының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өркен" Шығыс Қазақстан өңірлік білім беруді ақпараттандыру және дамыту ғылыми-әдістемелік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы "Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік "Дарын" орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өңірлік психологиялық қолдау және көмек орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен жоғары политехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

6) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

7) Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы "Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

8) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен көпсалалы технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 9) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен құрылыс колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 10) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен қызмет көрсету саласы колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 11) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 Өскемен колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 12) Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Риддер колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 13) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Глубокое аграрлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 14) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Глубокое техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Зайсан технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Алтай қаласының технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Серебрянск технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Алтай ауданының ауылшаруашылығы колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 19) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Самар аграрлық- техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 20) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Марқакөл ауылының мектеп-интернат-колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 21) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Үлкен Нарын колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Шығыс Қазақстан көпсалалы колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны;
- 23) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шемонаиха колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 24) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№1 Шемонаиха колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 25) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Облыстық мамандандырылған ІТ-мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 26) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

27) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Облыстық математика, физика, информатика саласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

28) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ;

29) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған "БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

30) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

31) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

32) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 2 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

33) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Арнайы мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

34) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 7 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

35) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 8 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

36) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Ақ Ниет мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

37) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

38) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Алтай қаласындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

39) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шемонаиха қаласындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

40) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

41) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 42) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Глубокое ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 43) Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы "Зайсан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 44) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Үлкен Нарын ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 45) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Күршім ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 46) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Риддер қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 47) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Тарбағатай ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 48) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Ұлан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 49) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Өскемен қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 50) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шемонаиха ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 51) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Асыл Мирас" аутизмі (аутизм спектрінің бұзылуы) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы) коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 52) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 53) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 54) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Жасөспірімдер үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 55) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Үміт" арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 56) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 57) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 58) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Алтай ауданының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
- Білім басқармасына есеп беретін және бақылауындағы білім бөлімдерінің тізбесі:
- 1) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Алтай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

- 2) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Глубокое ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 3) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Зайсан ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 4) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 5) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Күршім ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 6) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Марқакөл ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 7) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Риддер қаласы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 8) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Самар ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 9) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 10) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Ұлан ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 11) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 12) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Үлкен Нарын ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;
- 13) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "15" шілдедегі
№ 180 қаулысына 5-қосымша

Шығыс
Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы "31" желтоқсандағы
№ 496 қаулысына 11-қосымша

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі) Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының аумағында білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік

органы болып табылады және өз қызметінде "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне есеп береді және бақылауында болады.

2. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі мемлекеттік мекеме нысанындағы ұйымдық-құқықтық заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, С. Торайғыров көшесі, 7 үй, пошта индексі 070908.

9. Осы Ереже Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Катонқарағай ауданы бойынша білім бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Катонқарағай ауданы бойынша білім бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсібилігін арттыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

